

Авиабағыттарға субсидияларды жұмсау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 тамыздағы N 915 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1344 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.28. N 1344 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Авиабағыттарға субсидияларды жұмсау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 17 тамыздағы

N 915 қаулысымен

бекітілген

Авиабағыттарға субсидияларды жұмсау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен авиабағыттарға субсидиялар жұмсау тәртібін анықтайды.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе ол уәкілеттік берген мемлекеттік органның шешімдері негізінде жүзеге асырылатын авиабағыттар бойынша тұрақты тасымалдар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде жүзеге асырылатын, авиабағыттың тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті кіріс деңгейін қамтамасыз етпейтін тасымалдарға тиісті бюджетте көзделген қаражат есебінен субсидия берілуге тиіс.

Авиатасымалдарды субсидиялауға авиатасымалдар кезінде тариф пен пайдалану шығыстары көлемінің арасында белгіленген айырма жатады.

3. Субсидиялау авиатасымалдарға әуе кемесінің экономика сыныбы есебінен қолданылады.

2. Субсидияларды есептеу және төлеу тәртібі

4. Республикалық бюджеттен авиатасымалдар бойынша субсидиялар төлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген тиісті бюджеттік бағдарлама паспортына сәйкес жүргізіледі.

5. Жергілікті бюджеттен авиатасымалдар бойынша субсидиялар төлеу әкімдік қаулысымен бекітілген тиісті бюджеттік бағдарламалар паспорттарына сәйкес жүргізіледі.

6. Субсидияларды төлеу ай сайын авиатасымалдардың нақты орындалған және құжатпен расталған көлемі бойынша осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. < * >

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.20. N 362 қаулысымен .

7. Субсидиялар алу үшін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, ал жергілікті бюджеттен субсидияланған жағдайда - жергілікті уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті органдар) мен авиатасымалдарды жүзеге асыратын авиакомпаниялар арасында осы Ереженің 2-тармағына сәйкес белгіленген авиабағытты субсидиялау туралы шарт жасалады.

8. Авиабағытты субсидиялау туралы келісім жасалғаннан кейін авиакомпания ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-і күніне дейінгі мерзімде айлық қаржы есебін уәкілетті органға осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес ұйым басшысы, бас бухгалтері қол қойған және мөрмен куәландырған мынадай құжаттарды қоса б е р е д і :

1) сатылған билеттер тізілімін қоса, осы бағыт бойынша тасымалданған авиажолаушылар авиабилеттері купондарының көшірмесі;

2) әуежай, аэронавигация, метео қызметтері шоттарының көшірмесі;

3) жанар-жағар май материалдарын құю жөніндегі талаптар көшірмесі;

4) жинақтау-тиеу ведомосінің көшірмесі;

5) жүк құжатының көшірмесі;

6) бір ұшу сағаты өзіндік құнының есебі;

7) ұшу тапсырмасының көшірмесі.

9. Уәкілетті орган тіркелген құжаттары бар айлық қаржылық есебін қабылдағаннан кейін осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес салыстыру актісін жасайды және жүргізілген шығыстардың мақсатты жұмсалуды мен субсидиялар сомасын бекіту туралы қорытынды жасай отырып авиатасымалдардың орындалу фактілеріне тексеру жүргізеді.

10. "Қазэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Қазақстан Республикасының әуежайлары және "Қазавиамет" республикалық мемлекеттік

	данған	тен	диялауға
	жолаушы.	түсе.	жататын
	лар саны	тін	сома
	(адам)		табыс
1 2	1 3	1 4	1 5

Авиабағыттарға субсидияларды

жұмсау ережесіне

2-қосымша

САЛЫСТЫРУ АКТІСІ

200_ жылғы "___" _____

Біз, төменде қол қойған _____

(Авиакомпанияның басшысы мен бас бухгалтерінің А.Ә.Т.)

бір тараптан және _____

(Уәкілетті орган басшысының А.Ә.Т.)

екінші тараптан, 200_ жылғы "___" _____ орындалған жұмыстар үшін өзара есеп айырысудың осы салыстыру актісін жасадық.

т е н г е

Жазбаның мазмұны

Авиакомпания

Уәкілетті орган

| дебет | кредит | дебет | кредит _____

Өзара есеп айырысу нәтижесінде субсидиялау сомасы _____

(сомасы санмен және жазумен, теңгеде)

теңгені құрады.

Тараптардың заңды мекен-жайлары:

Уәкілетті орган

Авиакомпания

С Т Н

С Т Н

Банкілік деректері

Банкілік деректері

_____ (басшының қолы, А.Ә.Т.)

_____ (басшының қолы, А.Ә.Т.)

М.О.

_____ (бас бухгалтердің қолы А.Ә.Т.)

М.О.

Авиабағыттарға субсидияларды

жұмсау ережесіне

3-қосымша

сомадағы тізілімді

бекітемін

_____ (қолы) (уәкілетті органның басшысы)

200_ жылғы "___" _____

**Авиатасымалдарды
ТІЗЛІМІ**

субсидиялау

200_		жылғы		"___"		_____	
р/с N	Авиабағыт	Авиатасымал	Авиатасымал бойынша субсидиялау сомасы (теңге)				
1	2	3					4
Субсидиялау сомасының жиыны: _____ (сома санмен және жазумен, теңгеде)							
Осы тізілімге		қоса		тіркелді:			
1. _____		_____		_____			
2. _____		_____		_____			
3. _____		_____		_____			
Авиакомпания				Уәкілетті орган			
_____ (басшының қолы, А.Ә.Т.)				_____ (басшының қолы, А.Ә.Т.)			
_____ (бас бухгалтердің қолы, А.Ә.Т.) М.О.		_____ (бас бухгалтердің қолы, А.Ә.Т.) М.О.		_____			